

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

игровой зависимости. Групповые занятия помогают пациентам общаться между собой, поддерживать друг друга и делиться опытом.
4 Лекарственная терапия, которая может использоваться только в сочетании с другими методами и направлена на лечение сопутствующих психических заболеваний, таких как депрессия, тревожность или нарушения внимания.[5]

Игровая зависимость - серьезная проблема, которая может повлиять на качество жизни человека и его близких. Лечение игровой зависимости требует комплексного подхода, включающего в себя не только когнитивно-поведенческую терапию, но и другие методы реабилитации, такие как терапия замещения, семейная терапия, групповая терапия и лекарственная терапия. Важно понимать, что каждый пациент индивидуален, и не существует универсального метода лечения игровой зависимости. Однако, комбинация различных методов и подходов может помочь пациентам преодолеть свою зависимость и вернуться к здоровому и полноценному образу жизни.

Список использованных источников

1. Young, K. S. (1998). Internet addiction: The emergence of a new clinical disorder. *CyberPsychology & Behavior*, 1(3), 237-244.
2. Petry, N. M., & O'Brien, C. P. (2013). Internet gaming disorder and the DSM-5. *Addiction*, 108(7), 1186-1187.
3. Young, K. S. (2004). Internet addiction: A new clinical phenomenon and its consequences. *American Behavioral Scientist*, 48(4), 402-415.
4. King, D. L., Delfabbro, P. H., Wu, A. M. S., & Doh, Y. Y. (2017). Cognitive-behavioral therapy for problematic video game players: Conceptual considerations and practice issues. *Journal of Clinical Psychology*, 73(10), 1264-1277.
5. Király, O., Nagygyörgy, K., Griffiths, M. D., Demetrovics, Z. (2014). Problematic online gaming. In K. Rosenberg & L. Feder (Eds.), *Behavioral Addictions: Criteria, Evidence, and Treatment* (pp. 61-95). New York: Academic Press.

УДК 314.7

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУҒАН БОСҚЫНДАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ

Маханбет Айдархан Шыңғысханұлы

makhanbetaidarkhan9@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік ғылымдар факультетінің «Әлеуметтану»
мамандығының 1 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі - Байғабылов Н.О. PhD, доцент м.а.

2021 жылдың Қыркүйек айында Ауғанстандағы талибан режимінен қашқан қазақтар Қазақстанға көшіріп әкелініп, 35 этникалық қазақ Ақмола облысына қоныстанған болатын. Қазақстанға қоныстанған қандастар Көкшетау қаласында, қалғаны Атбасар, Бурабай, Сандықтау аудандарында тұрып жатыр. Барлығына да мемлекет тарапынан әлеуметтік көмек көрсетілді. Қазіргі таңда ауғандық босқындар қалай бейімделді? оларға қандай көмек көрсетілді? олардың бізге қандай зияны бар? деген сауалдар әлеуметтанулық тұрғыда өзекті [1].

Қазақстандағы ауғандық босқындар арасында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеуде атап өтілгендей, олардың 76,6%-ы барахолкада саудамен айналысады. Бірақ бұл барлық ауған босқындары «барахолкада» немесе жеке таксимен айналысады дегенді білдірмейді». Айта кету керек, кейбір ауғандықтар шағын және орта, тіпті ірі бизнесте айтарлықтай табысты. Олардың кейбіреулері Ауғанстанмен сауда-экономикалық қарым-қатынасты дамытуға өз үлесін қосуда: олар қазақтың астығы мен ұнын сонда жеткізеді. Олар

Қазақстанға Ауғанстаннан күріш, жаңғақ, кептірілген жемістер жеткізеді. Қазақстанның солтүстігінде астық өнімдерін ауғандықтардың өздері өндіріп, сатады. Ауғанстанға астықтан бөлек жүн, мамық, металл да жөнелтіліп, Ресейде өндірілген тауарлар экспортталады [1].

Қазақстанда ауған диаспорасының пайда болуы ХХ ғасырдың екінші жартысынан басталады. Сол кезде Ауғанстан саяси элиталардың өзгеруімен қатар жүретін бірқатар әлеуметтік-саяси дағдарыстарды бастан кешірді. Бұл оқиғалар Ауғанстан азаматтарының Қазақстанға келуінің басты себебі болды. 20 жылдан астам уақытқа созылған соғыс қимылдары нәтижесінде халықтың төрттен бір бөлігі елден кетті. Ауғанстаннан көшіп келушілердің қоныс аударуының алғашқы толқыны ХХ ғасырдың 80-ші жылдарынан басталады. Ауған диаспорасының қалыптасуы КСРО мен Ауғанстан Республикасы арасындағы білімнің, мәдениеттің және тіпті ғарыштың әртүрлі салаларындағы ынтымақтастықтың артуымен байланысты. Негізінен бұлар кеңестік университеттердің бұрынғы студенттері еді. Олар түрлі себептермен отанына оралмады. Ал біршама бөлігі Қазақстанда қалды. Көшіп келушілердің келесі толқыны Кеңес Одағы ыдыраған кезеңге және Мұхаммед Наджибуланың (1947-1996) билігінің құлауымен Ауғанстандағы саяси дағдарыстың шиеленісуіне байланысты жүрді. Жаңа үкіметтің қарсыластарының бұрынғы кеңестік студенттердің арасынан болуы саяси эмиграциясының жоғарылауына әкелді. Олардың бәрінің орыс тілін жақсы білетіндігі, мамандығы болуы посткеңестік республикаларда, атап айтқанда Қазақстан халқына интеграциялануына ықпал етті. КСРО-мен ежелден келе жатқан байланыс және білімнің жоғары деңгейі негізінен ауған диаспорасының зияткерлік элитасының өкілдері – инженерлер, дәрігерлер кіреді. Қазақстанға әр түрлі жағдайларда келген Ауғанстан азаматтары қызметтік мәртебесі және басқа да әлеуметтік-экономикалық сипаттамалары мемлекеттік органдардың рұқсатымен жұмысқа орналасады. Зиялы қауыммен қатар, ауған диаспорасы – кафе, дүкен, тігінші ателье және металл қабылдау пункттерінің иелері арасында шағын бизнес өкілдері ретінде де кеңінен танымал. Қалған бөлігі қызмет көрсету саласында жұмыс істейді. Олардың қатарында көлік жүргізушілері, такси жүргізушілері, аспазшылар, күзетшілер бар. Шағын ауған диаспорасы қазақстандық қоғамға сәтті кірікті және Қазақстанның көпұлтты халқының белсенді және толерантты бөлігін құрайды. Қазақстандағы ресми ақпарат көздеріне сүйенсек, ауған диаспорасында 2000-2500 адамнан тұрады. Бұл мәліметтер нақты емес, шамамен алынған. Өйткені заңсыз босқындардың болуына, сондай-ақ Қазақстан аумағын транзиттік аймақ ретінде пайдаланатын адамдардың көшуіне байланысты диаспоралардың саны үнемі өзгеріп отырады. Ресми ауған диаспорасының көп бөлігі Қазақстанның оңтүстігінде тұрады. Оның ішінде шамамен 70% Алматыда, қалғаны Шымкент қаласына қоныстанған. Солтүстік және Орталық Қазақстанда да шағын топтар бар. Жеке топтар босқындардан тұрады. БҰҰ-ның Орталық Азиядағы босқындар жөніндегі агенттігінің мәліметі бойынша, қазіргі уақытта Қазақстанда 589 босқын тіркелген [2].

Жалпы, Ауғаннан келген азаматтар ғана емес, Қытай, Моңғолия, Өзбекстан т.б. елдерден атажұртқа келген қандастар материалдық жағдайдан тыс, тіл мәселесінен қиналып жататынын жиі көреміз. Себебі олардың басым бөлігі еліміздегі ресми саналатын орыс тілін білмейді. Қазақ тілінде сөйлейді. Әлбетте, орысша сөйлейтін орталарда, қоғамдық орындарда оларға ойын жеткізу, адамдармен қарым-қатынас орнату қиындық туғызады.

Мысалы, ҚХР Алтай қаласы Балбағай әкімшілігінде ауыл шаруашылығын басқару маманы болып 20 жыл қызмет еткен Шәмелхан Бұқатхан өзінің де, мамандығы мұғалім әйелінің де жұмыссыз екенін айтады. Өзінің ақындығы да бар. Қазір елордада таксист болып күнелтіп жүр. 2018 жылы балаларымыз қазақ топырағында өссін деп, Қытайдағы жайлы тұрмысымызды тастап келдік дейді. Бұл кісімен мен сол такси шақырғанымда танысқан едім. Сонда көлікке отыра бергенімде, маған бірден: «Кешіріңіз, мен орысша түсіне бермеймін, сізге қазақ тілінде сөйлесем рұқсат па?» – деп сұраған.

16 тамызда қазақстандықтардың назары Шымкентте ауды. Әбілхан Қастеев атындағы өнер колледжінің жатақханасында "ауғанстандық босқындарға орын" дайындала бастады. Аты-жөнін атамауды сұраған жатақхана қызметкері "Ауғанстаннан келетін адамдарға арнап

305 орын дайындау туралы тапсырмадан кейін кешеден бері 100 орын дайындалды" деді. Мұндай "дайындық" Тоғыс тұрғын алабындағы №120 мектептің ескі ғимаратында да жүріп жатты. Мектептен парталар мен орындықтар шығарылып, төсек-орындар кіргізілді. Шымкент әкімдігі ауған босқындарын орналастыру жайлы ақпарат бере алмайтынын, Нұр-Сұлтанға қайырылуды сұрады. 16 тамызда қазақстандықтардың назары Шымкентте ауды. Әбілхан Қастеев атындағы өнер колледжінің жатақханасында «ауғанстандық босқындарға орын» дайындала бастады. Аты-жөнін атамауды сұраған жатақхана қызметкері «Ауғанстаннан келетін адамдарға арнап 305 орын дайындау туралы тапсырмадан кейін кешеден бері 100 орын дайындалды" деді. Мұндай "дайындық" Тоғыс тұрғын алабындағы №120 мектептің ескі ғимаратында да жүріп жатты. Мектептен парталар мен орындықтар шығарылып, төсек-орындар кіргізілді. Шымкент әкімдігі ауған босқындарын орналастыру жайлы ақпарат бере алмайтынын, Нұр-Сұлтанға қайырылуды сұрады.

Ал Нұр-Сұлтан Ауғанстаннан Қазақстанға босқындар келеді деген барлық ақпаратты жоққа шығарады. 16 тамызда президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли Facebook парақшасында "президент Ауғанстан босқындары туралы шешім қабылдамағанын" жазды [1].

"Бұған қатысты тараған ақпарат негізсіз. Дүниежүзілік ұйым басшылығы ресми өтініш білдірген жағдайда БҰҰ қызметкерлеріне ғана көмек көрсетілетін болады" деп жазды Берік Уәли [2].

Осыған дейін Вашингтон Қазақстанға "АҚШ әскеріне көмектескен 2000 ауғанды уақытша қабылдауды" сұрап қайырылғаны хабарланған. АҚШ "Талибан" америкалық әскеріне көмек көрсеткен ауғандарға кек қайтарады деп қауіптеніп, оларды елден әкетуге тырысып жатыр.

Қазақстанда оқып жүрген ауғанстандық жүзден аса студент сессия тапсырған соң еліне кеткен. Қазір олардың жағдайы белгісіз, бірақ білім және ғылым министрлігі оларға виза жағынан көмектесуге дайын екенін мәлімдеді. Қазақстан билігі грант пен стипендияны сақтап қалуға уәде беріп отыр.

Қазақстан халықтары ассамблеясы жанындағы "Ариана" ауған мәдени орталығының жетекшісі Восток Ахмадулла "Қазақстанда қалғысы келетін көптеген студенттердің хабарласқанын" айтты [2].

"Қазақстан ауған студенттерінің оқуы үшін 50 миллион доллар бөледі. Олар оқу бітірген соң Ауғанстанға оралуы тиіс. Енді осы білімді балалар Ауғанстанға оралса тәліптерге тап келуі мүмкін. Сондықтан олар Қазақстанда уақытша қалып, елде жағдай реттелгенше осында жұмыс істеп, тұрғысы келеді. Бұл студенттердің ешқайсысы босқын мәртебесін сұрап өтініш жазатынын айтқан жоқ, бірақ жазуы мүмкін" [3].

Қорытындылай келсек Қазақстандағы Ауған босқындарының әлеуметтік бейімделуі тақырыбы қоғам үшін өзекті және маңызды. Бұл көші-қон, босқындар және оларға қамқорлық мәселелерімен байланысты. Ауғандық босқындар өмірдің жаңа жағдайларына сәтті бейімделу үшін біздің көмегіміз бен қолдауымызға мұқтаж екенін түсіну маңызды. Қазақстанның осы саладағы мемлекеттік саясаты босқындардың қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, олардың неғұрлым тиімді әлеуметтік бейімделуі үшін жағдай жасауға бағытталуы тиіс. Біз бірге оларға жаңа өмір бастауға және біздің қоғамдастық өмірімізге толық интеграцияға қол жеткізуге көмектесе аламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Н. Мырзахмет Ауғаннан келген қазақтардың жағдайы қалай?//<https://zhasalash.kz/sayasat/augannan-kelgen-qazaqtardyn-zhagday-j-qalaj-18909.html> 09.12.2021
2. А. Ибрагимов «Салт-дәстүрін аялай білген халық»//<https://el.kz/salt-d-st-rin-ayalay-bilgen-khaly-40149/>
3. П. ТРОЦЕНКО Қазақстан ауған босқындарын қабылдауы керек пе?//<https://www.azattyq.org/a/31413370.html>